

Звездный ауылдық округінің Звездное ауылы аумағында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 49 /02 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 10 шілдесіндегі "Ветеринария туралы" Заңының 10 бабы 2 тармағының 10 тармақшасының негізінде және Осакаров ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторы Мұратбек Жақыпбайұлы Бейсенбековтың 2015 жылдың 28 қыркүйегіндегі № 02-29/843 ұсынысы негізінде, Звездное ауылдық аумағында жылқы арасынан ринопневмония ошағын жою бойынша ветеринариялық – санитариялық іс-шаралар комплексінің өтуіне байланысты, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Звездный ауылдық округінің Звездное ауылы аумағында белгіленген шектеу іс – шаралары тоқтатылсын.
2. Осакаров ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 15 маусымдағы № 33/01 "Звездный ауылдық округінің Звездное ауылы аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 26 маусымдағы № 3301, болып тіркелген 2015 жылғы 4 шілдедегі № 27 (7459) "Сельский труженик" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Н.Ламбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы
Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау
Комитетінің Осакаров аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы*

М.Бейсенбеков

2015 жылдың 29 қыркүйек